

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әл-Фараби атындағы
Ғылыми-әдістемелік кеңес
отырысында бекітілген
хаттама №__ «__» _____ 2020 ж.
Оқу ісі жөніндегі проректор
Хикметов А.К.

**«7M02205 – Исламтану»
МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША МАГИСТРАТУРАҒА ТҮСУШІЛЕР
ҮШІН АРАБ ТІЛІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

АЛМАТЫ, 2020

Бағдарлама Мемлекеттік жалпыға білім беру стандартына сәйкес «7M02205 – Исламтану» мамандығы бойынша әзірленген. Бағдарламаны филол.ғ.д., профессор Надирова Г.Е., филол.ғ.к., доцент Көптілеуова Д.Т. құрастырды.

Бағдарлама кафедра мәжілісінде қарастырылды

Хаттама №38 16.06. 2020 ж.

Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының меңгерушісі

_____ П.М. Сүлейменов

Шығыстану факультетінің Әдістемелік бюросы отырысында мақұлданған

хаттама №10 18.06. 2020 ж.

Әдістемелік бюро төрағасы

_____ А.Т. Әбуова

Ғылыми кеңес отырысында бекітілген

Хаттама № 10 19.06.2020 ж.

Ғылыми кеңес төрағасы,

факультет деканы

_____ Ы.М.Палтөре

МАЗМҰНЫ

Араб тілі бойынша қабылдау емтиханының мақсаты – талапкерлердің білімін, икемділік, дағды деңгейін тексеру, меңгерген жағдайда мамандық бойынша ақпарат алу мен қарым-қатынас (ауызша және жазбаша) жасаудың құралы болатын араб тілін жалғастырып оқуға және бағдарламаны меңгеруге қаншалықты дәрежеде дайын екендіктерін анықтау. Талапкер бакалавриатта білім алған кезінде тілді грамматикалық және лексикалық жағынан кең көлемде меңгергендігін көрсетуі керек, сондай-ақ, өзінің білімін жазбаша түрде қолдана алуға тиіс.

Философия және Саясаттану факультетінің магистратурасын бітірушілер мамандық бойынша араб әдебиетін еркін оқып, аудару білуге, араб тілінде хабарлама жасап, дискуссияларға қатынаса алуға тиіс. Студенттердің кейбірі араб тілін еркін меңгеруді талап ететін араб елдерінде тағылымдамадан өтуге мүмкіндіктері бар.

Араб тілі бойынша тапсырушыларға қойылатын талаптар

Магистратураға тапсырушылар алдыңғы бакалавриат бағдарламасын көрсететін араб тілі бойынша қажетті білім, икемділік пен дағдыға ие болуға тиіс.

Талапкер келесі біліктіліктерге ие екендігін көрсетуге тиіс:

1. Әмбебап (жалтымәдени)

- Тарихи мұраларға және Қазақстан мен араб елдерінің мәдени дәстүрлеріне құрметпен, ұқыппен қарау;
- Мәдени ойлай және сөйлеу білу;
- Кәсіби лексикаға ие болу, кәсіби тақырыптарға өзінің ойы мен пікірін білдіруге дайын болу;
- Ақпараттардың сапасы мен мазмұнын бағалай алу, барынша маңызды фактілер мен концепцияларды айыра алу;
- Тапсырмаға шығармалық тұрғысынан келу, сыни және шығармашылық ойлау таныта білу.

2. Кәсіби

- Араб елдерінің физикалық-географиялық, тарихи, саяси, әлеуметтік, экономикалық, демографиялық, лингвистикалық, этникалық, мәдени, діни және өзге де ерекшеліктерін есепке ала отырып, кешенді сипаттамасын құрастыру;
- елдердің тарихи дамуының негізгі бағыттары мен заңдылықтарын түсіндіру;
- араб елдеріндегі қоғамдық-саяси институттардың қалыптасуы мен жұмыс істеуіне діни және діни-этикалық білімнің деңгейі мен әсер ету сипатын анықтау;
- араб елдерінің әлеуметтік, саяси, экономикалық дамуының негізгі параметрлері мен бағыттарын ажырату.

Емтихан талаптары:

Көлемі 400-500 сөзден тұратын орташа күрделі таныс емес мәтінді 30 минутта ішінен оқу және түсіну. Оқыған мәтінді түсінгендігі мәтін авторының негізгі ойлары немесе ұстанымы және мәтін мазмұны бойынша сұрақтардың көмегі арқылы тексеріледі.

Үйренген лексикалық-грамматикалық материалға сүйене отырып, өз ойын берілген тапсырмаға сәйкес логикалық түрде мазмұндап жеткізу. Нақты сұраққа берілген жауаптың көлемі грамматикалық жағынан дұрыс құрылған кемінде 3-5 сөйлем құраудан, автордың негізгі ойы немесе ұстанымын кемінде 8-10 сөйлем арқылы мазмұндаудан тұрады.

Ұсынылған тақырып бойынша кемінде 300 сөзден тұратын эссе жазу.

Қабылдау емтиханы және билеттің мазмұны

Әр билет келесі тапсырмалардан тұрады:

1	Мысалдар келтіре отырып, араб тілі грамматикасы бойынша теориялық сұрақтарға жауап беру	اشرح هذا الموضوع مع الأمثلة
2	Берілген мәтінді оқу, мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру	قراءة النص المقترح والإجابة على الأسئلة حول محتوى النص
3	Төменде келтірілген тақырыптардың бірін таңдап, көлемі 300 сөзден кем емес эссе жазу	كتابة مقال لا يقل عن 300 كلمة في أحد الموضوعات المدرجة أدناه

**Басып шығарылған мәтіндер мен сұрақтар емтихан билеттерімен бірге студенттерге ұсынылады.*

**Емтиханның ұзақтығы – екі сағат.*

Дайындық үшін ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиет:

1. القواعد الأساسية في النحو والصرف والتدريبات عليها. طرابلس: أمانة التعليم، 1984 م.
2. فؤاد نعمة. ملخص قواعد اللغة العربية. القاهرة: نهضة مصر،
3. عباس حسن. النحو الوافي. الجزء الأول (1). القاهرة: دار المعارف، 2009 م.
4. عباس حسن. النحو الوافي. الجزء الثاني (2). القاهرة: دار المعارف، 2009 م.
5. علي جرم، مصطفى أمين. النحو الواضح في قواعد اللغة العربية. الجزء الأول (1). القاهرة: دار المعارف، 2006 م.
6. علي جرم، مصطفى أمين. النحو الواضح في قواعد اللغة العربية. الجزء الثاني (2). القاهرة: دار المعارف، 2006 م.

Қосымша әдебиет:

1. Ковалев А. А. и Шарбатов Г. Ш. Учебник арабского языка. М., 1998 г.
2. Чернов П. В. Справочник по грамматике арабского литературного языка. М., 1995 г.
3. Гранде Б. М. Курс арабской грамматики в сравнительно-историческом освещении. М., 1999 г.
4. Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. М.,1977.
5. Борисов В.М. Русско-арабский словарь. М.,1993.

Қабылдау емтиханының бағасы

****Қабылдау емтиханының нәтижелері жиырма бес балдық жүйемен бағаланады:***

23-25 - «өте жақсы» белгісіне сәйкес келеді.

18-22 – «жақсы» белгісіне сәйкес келеді.

14-17 – «қанағаттанарлық» белгісіне сәйкес келеді.

13 ке дейін қоса алғанда – «қанағаттанарлықсыз» белгісіне сәйкес келеді.